



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
МИНИСТЕРСТВО ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
MINISTRY OF EDUCATION AND SCIENCE
OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN



Л. Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ
ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
ЕВРАЗИЙСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ
УНИВЕРСИТЕТ ИМ. Л. Н. ГУМИЛЕВА
GUMILYOV EURASIAN
NATIONAL UNIVERSITY



Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2015»
атты X Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
X Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2015»

PROCEEDINGS
of the X International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2015»

УДК 001:37.0
ББК72+74.04
Ғ 96

Ғ96

«Ғылым және білім – 2015» атты студенттер мен жас ғалымдардың X Халық. ғыл. конф. = X Межд. науч. конф. студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2015» = The X International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2015». – Астана: <http://www.eni.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie-2015/>, 2015. – 7419 стр. қазақша, орысша, ағылшынша.

ISBN 978-9965-31-695-1

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 001:37.0
ББК 72+74.04

ISBN 978-9965-31-695-1

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2015

Таким образом, контроллинг – это комплексная система управления организацией, которая получила свое развитие во всех экономически развитых странах, и является новым этапом в развитии экономики Казахстана.

Список использованных источников:

1. Цуприк Г.Г. Координация системы управления предприятиями электроэнергетики на основе контроллинга: автореф. ...канд.экон.наук. - М: РГГУ, 2011.
2. Калиакпарова Г., Амирбекулы Е. Вопросы внедрения контроллинга в национальную экономику Казахстана // Экономика и статистика. – 2012. - № 4
3. Алексеев П.И. Методы и инструменты оперативного контроллинга на промышленных предприятиях: Диссертация на соиск. уч. степени к.э.н. - СПб: Санкт-Петербургский государственный инженерно-экономический университет, 2001.
4. Лаута Ю.С., Герасимов Б.И. Создание системы контроллинга на промышленном предприятии – Тамбов: ТГУ, 2005.
5. Ивашкевич В.Б. Практикум по управленческому учету и контроллингу. – М.: Финансы и статистика, Инфра-М, 2009.
6. Смачкова Л.В., Самойлов В.М. Роль и место контроллинга в управлении предприятием // Проблемы региональной экономики <http://www.lerc.ru>
7. Писчасов Ф., Попов Е. Инструментарий контроллинга http://www.cfin.ru/management/controlling/controlling_overview.shtml
8. Чернер Н. Виды контроллинга // Управляем предприятием: Электронный журнал. – 2013, апрель – 17. - № 4(27) / <http://consulting.1c.ru/journal>.

УДК 336:947.4

ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ИНФЛЯЦИЯ ДЕНГЕЙІ ЖӘНЕ ОҒАН ӘСЕР ЕТЕТІН ФАКТОРЛАР

Қырғызбай Жансая

jansaya-94_kz@mail.ru

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық Университеті
Экономика факультетінің 3-курс студенті, Астана қ. Қазақстан
Ғылыми жетекші-Кайранбеков Б.О.

Бағаның өсуімен мінезделетін экономикалық құбылыс өзімен бірге пропорционалды түрде ақшаның сатып алу қабілеттілігінің төмендеуімен бірге жүріп отырады.

Жалпы инфляцияны біз қағаз ақша айналымына негізделген экономикаға тән және ұдайы өндіріс процесінің бұзылуы негізінде қарастырамыз. Инфляция ең алдымен тауар бағаларының өсуі және шетел валюталарының қымбаттауы ретінде көрінеді.

Сол себепті инфляция - бұл елде айналымдағы қағаз ақша көлемінің тым көбейіп кетіп, оның ақша тауары жөнінде құнсыздануына ұласуы және соның салдарынан тауар бағасының өсуі.

Тарихқа сүйенетін болсақ, инфляция қазіргі заманда пайда болмаған, ол бұрындары да тіпті көлемі жағынан аз болса да экономикада орын алып отырған. Бірақ қазіргі заман қағаз ақшаларының заманы болғандықтан оның құнсыздануы экономикамызда жиі орын алуда. Сонымен қатар, инфляция қазіргі кезде тек қана ақшалай операциялардың ықпалында емес, онымен қоса ақшалай емес факторлардың да ықпалында болып отыр.

Олай болса, инфляцияға ықпал ететін факторларды анықтау үшін оны біз екі топқа жіктейміз:

1. Тікелей ақша қозғалысымен байланысты факторлар:

- тауарлық ресурстармен жабдықталмаған бюджет тапшылығын қолма – қол ақшамен жабу мақсатындағы шамадан тыс эмиссия;

- қолма –қол ақшасыз эмиссиямен бірге жүретін экономиканың кредитпен қанығуы ;
- ұлттық валюта бағамын қолдау үшін елдің Ұлттық банкі еркін айырбасталатын валюталарды сатуы немесе сатып алуы.

2.Ақша қозғалысымен байланысты емес факторлар:

- салықтық саясат;
- баға саясаты;
- шаруашылық жүргізудегі шығындар тегігі;
- мемлекеттің сыртқы экономикалық қызметі.

Ұзақ уақыт бойы инфляцияны монетарлық құбылыс деп санай отырып, ол ақшаның құнсыздануы мен тауар бағаларының өсуі тұрғысында түсіндіріліп келді. Әлі де бірқатар шетелдік авторлар инфляцияны экономикада бағаның жалпы деңгейінің артуы ретінде анықтайды. Алайда инфляцияның тауар бағасының өсуінде көрінгенімен оны тек таза ақша феноменіне жатқыза салуға болмайды. Бұл нарықтық шаруашылықтың түрлі сфераларындағы ұдайы өндірістің сәйкессіздігінен туатын күрделі әлеуметтік-экономикалық құбылыс. Инфляция әлемнің көптеген елдеріндегі экономиканың қазіргі дамуының ең өткір проблемаларының бірі болып есептеледі.Бүгінде инфляция бағаның өсуі нәтижесінде ақшаның сатып алу жарамдылығының құлдырауымен ғана емес, сонымен бірге елдің экономикалық дамуының жалпы қолайсыз ахуалымен де байланысты. Инфляцияға өндіріс пен өткізу сферасындағы әртүрлі факторлар тудырған өндіріс процесінің қарама-қайшылықтары себепші болады.

Инфляциялық процестің қуаттылығын бағалауды және инфляцияның түрлерін мынандай критерийлер бойынша ажыратылады:

- Баяу - баға жылына 10 пайызға өскенде;
- Өшірмелі - баға 100 пайыз шегінде өскенде ;
- Әсіре – баға жүздеген пайызға өскенде,

Қазақстандағы инфляция ақша массасының молдық себебінен туындайды,соның нәтижесінде монополиялық және олигополиялық бағаның шарықтау шартына байланысты экономиканы мемлекеттік реттеу пен бәсекелестік іс - жүзінде болмайды.

Инфляция – бұл стихия,демек кез-келген стихияны орынды басқара білу керек.Бірақ,инфляция қарқынын төмендету шараларын қолдану үшін оның құбылысын нақты түсіне біліп,даму себептерін анықтай білу қажет.

Қазақстанда инфляцияның пайда болуы мен өсуіне себеп болған факторлар:

- қоғамдық өндірістің терең деформациясы мен диспропорциясы;
- экономиканың құрылымдық ауытқуы;
- ұлттық өнімді бөлудегі нақты өзгерістер;
- тауар өнімдерін өндірушілердің монополизмi;
- мемлекеттік бюджеттің ақшасын тиімсіз пайдалану,
- ақшалай жүйенің бұзылуы және елде қаржы шиеленісуін құру;
- айырбас үрдістерінің табиғилануы;
- халықтың мүлiктік қабаттасуының күшеюі;
- милитаризацияланған экономика;
- инвестициялардың қысқаруы;
- тауарлар мен қызмет көрсетулерге бағалардың әркелкі өсуі .

Қазақстандағы инфляциялық тетіктердің іс-қимылы мемлекеттік қаржыландырылумен және жеңілдік несиелендірумен ынталандырылды. Бағаны либерализациялау және өндірісті қысқарту кезінде осыған ерген жалақыны көтеру сұраныс инфляциясының өндірістің шығындар инфляциясына қайта өсуіне әкелді.

Қазақстан Республикасының президенті өзінің жолдауында былай деп кеткен: «Ақша – кредит саясатының негізгі мақсаты –инфляцияны тежеуді қамтамассыз ету. Бұл мақсатқа жету жолындағы жауапкершілік Ұлттық банк пен үкіметке жүктеледі.Олардың қолында сол үшін барлық өкілеттіктер мен құралдар бар».

2007 жылдың аяғы мен 2008 жылдың басында ҚР тоқырау болды.Бұл тоқыраудың

себебі азық-түлік, жеміс жидектің бағасы бір сәтте өсіп кеткені. Мұндай жағдай әлемдік рынокта болып жатқан құбылыстар Қазақстанға да әсер етпей қоймасы анық. Міне осы жағдайда Қазақстан бірнеше шаралар қолданып инфляция деңгейін төмендетті. Алдыңғы жылы инфляция деңгейі 7,4 пайызды құраған, ал сол дағдарыс кезінде 80,2 пайызды құраған.

Инфляцияның өрістеп, күшеюі эканомикалық және қарама-қайшылықтарды асқындырып жіберетіндігінен мемлекет инфляцияны жою және ақша айналысын тұрақтандыруға арналған шаралар қолдана бастайды.


Инфляция кезінде мемлекет іс-қимылының екі нұсқасы болады:

1. Бейімделу саясат жүргізу немесе инфляцияға бейімделу. Бұл кезде табыстарды, жалақыны, компаниялар мен фирмаларды қысқа мерзімде жобаларды өткізеді.
2. Инфляцияны төмендету немесе басу жөнінде инфляцияға қарсы шаралардың кешенін жүргізу.

Қазақстандағы инфляцияның ерекшелігі биліктегі адамдардың қабылдап, күш салып отқан шараларына қарамастан тұрақты, инфляцияның әжептәуір жоғары деңгейде екенін көрсетіп отыр.

Сурет – 1.

Қазақстандағы 1998-2014 жылдар аралығындағы инфляция деңгейі.(



1998 жылы инфляция 1,9 пайызға дейін төмендеді. Бағаның келесі өсу қарқыны 1999 және 2007 жылы қайталанды. Ал қазіргі экономикалық дағдарыс жағдайында келесі инфляция айналымы енді қашан қайталанатынын дөп басып айту қиын. Ол шикізат ресурстарының әлемдегі бағасына, теңгенің нығаюы деңгейі мен оның қазақстандық өндірушілерге тигізетін әсеріне байланысты болмақ.

Ал 2013 жылы тауар мен қызмет бағасы 1995 жылмен салыстырғанда 503,6 пайызға қымбаттаған. Оның ішінде азық-түлік бағасы – 490 пайызға, азық-түлік емес тауарлар – 302,1 пайызға және ақылы қызмет 1 мың 191,4 пайызға өскен. Егер 1995 жылы сиыр етінің бір килограммының орташа бағасы елде 102 теңге болса, былтыр желтоқсан айында ет 1 мың 186 теңгеден сатылды. Демек ресми статистика деректеріне сүйенсек, қазір қазақстандықтардың тұрмыс-тіршілігі 1995 жылмен салыстырғанда бес еседен көп қымбаттаған.

Кесте – 1. Қазақстандағы 2011 – 2014 жылдардағы тауарлар мен қызметтер үшін салыстырмалы көрсеткіштер (пайызбен)

Жыл	Ағымдағы жылдың желтоқсан айына				Алдыңғы жылға			
	Тауарлар мен қызметтер	Тауарлар		Ақылы қызметтер	Тауарлар мен қызметтер	тауарлар		Ақылы қызметтер
		Азық-түлік	Тағамдық емес			Азық-түлік	Тағамдық емес	
2011	107,4	109,1	105,3	107,3	108,3	111,9	105,4	106,8
2012	106,0	105,3	103,5	109,3	105,1	104,5	104,3	106,8
2013	104,8	103,3	103,3	108,0	105,8	104,3	103,1	110,6
2014	107,4	108,0	107,8	106,4	106,7	106,6	106,9	106,7

Кесте – 1–ге сәйкес статистика агенттігінің мәліметтері бойынша, 2011 жылы инфляция 7,4 пайызды құрады. Азық-түлік тауарларының бағасы 9,1 пайызға, азық-түлікке жатпайтын тауарлардың бағасы - 5,3 пайызға, ақылы қызмет бағасы - 7,3 пайызға қымбаттады. 2012 жылы инфляция деңгейі 6%-ды құрады. 2011 жылмен салыстарғанда бұл көрсеткіш 1,4% -ға төмен. Бұл негізінен ақылы қызметтердің 6,8%-ға, азық-түліктердің 5,3%-ға, тағамдық емес тауарлар 3,5% -ға қымбаттауы салдарынан болып отыр. 2013 жылы инфляция деңгейі 4,8% -ды құрады. 2012 жылмен салыстырғанда 1,2% - ға төмен. Негізінен ақылы қызметтер 8,0 %–ға, азық-түлік және тағамдық емес тауарлар 3,3% – ға жоғарылаған. Ал 2014 жылы елімізде инфляция деңгейі 7,4% болды. Оның ішінде азық – түліктер 8,0 %–ға, тағамдық емес тауарлар 7,8 %–ға, ақылы қызметтер 6,4 %– ға қымбаттаған. Бұл жылы 2013 жылмен салыстырғанда 2,6% - ға күрт жоғарылап кетті. Бұған себеп болған азық – түліктің, тағамдық емес тауарлардың қымбаттағаны және де бағам айырмасы, оның ішінде АҚШ долларының қымбаттап, Ресей рублінің арзандап кеткені біздің елімізге кішкене болса да өз ықпалын тигізгендігінде.

Бәрімізге белгілі, макроэкономикалық тұрақтылықты қамтамасыз етудің негізі 2012-2016 жылдары жылдық инфляцияның деңгейін жоспарланған 6,0-8,0% дәлізінде ұстап тұру болып табылады.

Ішкі бағалардың өсуіне жол бермеу үшін Үкімет пен Ұлттық Банк белсенді жұмыс жүргізетін болады.

Елдегі бағаның тұрақтылығы үшін негізгі әлеуетті ішкі қатер тауарлар мен қызметтердің жекелеген нарықтарында бәсекелестіктің төмен және жеткіліксіз деңгейі болып табылатынын ескере отырып, Үкімет азық-түлік тауарларының ішкі нарығын дамыту жөнінде, олардың өндірісін және сақталуын қоса алғанда, шаралар қабылдайтын болады.

Азық-түлік нарығында бағалардың күрт өсуіне жол бермейтін шаралардың бірі азық-түлік тауарына бағалардың болжамды дәлізін және әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларына бөлшек баға өлшемінің және оларға ішкі жол берілетін бөлшек бағалардың мөлшерін белгілеу жолымен оларды болжамдауды айқындау болып табылады.

Азық-түлік нарығында баға тұрақтылығын қамтамасыз ету нарықтық тетіктерді қолдана отырып азық-түлік нарығын реттеу бойынша шаралар шеңберінде жүзеге асырылатын болады. Ол өңірлер деңгейінде азық-түлік тауарларының тұрақтану қорларының қалыптастырылуын және майлы дақылдардың, көкөністердің, егіс алаңдарының ұлғаюы, жылыжайлар мен көкөніс қоймаларын салуды және жұмыс істеп тұрғандарын жаңғыртуды көздейді.

Ішкі нарықты көрші мемлекеттерден жеміс-көкөніс импортын ұлғайту жолымен жеміс-көкөніс өнімдерімен толтыруға, отандық ауыл шаруашылығы өнімдерін өндірушілер үшін апта сайын азық-түлік жәрмеңкелерін ұйымдастыру тәжірибесін жалғастыруға, көтерме және бөлшек-сауда азық-түлік нарықтары мен сауда инфрақұрылымын одан әрі дамытуға бағытталған іс-шараларды іске асыру жалғасатын болады.

Бәсекелестікті қорғау, жосықсыз бәсекелестікті, баға жөніндегі сөз байласуды, нарық субъектілерінің өздерінің басым жағдайларын асыра пайдаланушылығын, бағаның алып-сатарлық өсуін анықтау және алдын алу, өнім өндірушілер мен түпкілікті тұтынушылар арасындағы делдалдық буынды қысқарту жұмысы күшейтілетін болады.

Сезімтал нарықтар, соның ішінде мұнай өнімдері мен азық-түлік тауарлары нарығының мониторингі және талдау жұмыстары жалғасатын болады. Монополияға қарсы заңнаманың бұзылу фактілері анықталған жағдайда монополияға қарсы назар аудару шаралары қолданылатын болады.

Үкімет инфляция деңгейінің жалпы өсуінде табиғи монополиялар субъектілері қызметіне тарифтердің өсіміне шекті жол берілетін мәндерді жыл сайын белгілейтін болады.

Ұлттық банк бір жағынан инфляциялық күтулерді төмендетуге және екінші жағынан экономикалық белсенділікті қолдауға бағытталған ақша-кредит саясатын жүргізетін болады.

Қазіргі таңда, болжамдалған жоспарлар бойынша елімізде жылдық инфляция деңгейі 6,0-8,0% дәлізінде тұр деуге болады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Крымова В. «Экономикалық теория» - Алматы, 2013ж.
2. Осипова Г. М. –Экономикалық теория негіздері/ Алматы 2012ж
3. Сейтқасымов Ғ. С. – Ақша, несие, банктер/оқулық Алматы: экономика, 2011ж
4. Қабдиев Д. Қ., Оралтаев Т. Қ., Ескендіров Ә. Е., Бекмолдин С. Қ., Хабибулин Б. Х., Темірбекова А. Б., Беленов А. Т. – Экономикалық саясат/ Алматы: экономика 2012ж
5. Халықаралық Қазақстан сайты (www.kazakh.ru)
- 6.Қазақстан Республикасының статистика агенттігінің сайты (www.stat.gov.kz)

УДК 657.635

ИММАНЕНТНАЯ ХАРАКТЕРИСТИКА СОБЫТИЙ ПОСЛЕ ОТЧЕТНОЙ ДАТЫ В УЧЕТЕ И АУДИТЕ

Лукина Олеся Анатольевна

haos666@list.ru

Студентка Донецкого национального университета экономики и торговли имени
Михаила Туган–Барановского, г. Донецк, Украина
Научный руководитель –Пальцун И.Н., к.э.н., доцент

События после отчетной даты являются важным подтверждением, на которое руководство опирается в своей оценке возможности применения допущения о непрерывности деятельности компании при составлении бухгалтерской отчетности.

Значение отражения событий после отчетной даты велико, так как умолчание о них может повлиять на решения, принимаемые пользователями бухгалтерской отчетности. То есть, не отражение в отчетности существенных событий после отчетной даты приводит к недостоверности бухгалтерской отчетности. Игнорирование последствий событий после отчетной даты может привести к неправильным выводам о финансовом состоянии и потенциале компании, а также к принятию пользователями неправильных управленческих решений.

Аудит событий после отчетной даты является важным этапом аудиторской проверки. В процессе проведения аудита последующих событий аудитор должен оценить влияние этих событий на бухгалтерскую отчетность аудируемой компании и на аудиторское заключение.

Рассмотрением вопросов относительно событий после отчетной даты в бухгалтерском учете и аудите, определением их влияния на достоверность финансовой отчетности занимались Петрик Е.А., Генералова Н.В., Виноградова М.О.,Петренко С.Н., Огийчук М.Ф. и т.д. [1,2,7-9]. Однако, ключевыми аспектами в работах авторов является раскрытие необходимости учета и отражения событий после отчетной даты, их классификация, обобщенная техника аудита. При этом недостаточно уделяется внимания детализации механизма аудита событий после отчетной даты и их влияния на форму и содержание аудиторского заключения.

Целью данного исследования является раскрытие сущности событий после отчетной даты на основе анализа законодательной базы, выделение ключевых аспектов и формирование перечня событий, требующих корректировки после даты баланса, а также формирование методического подхода к определению влияния оценки событий после отчетной даты на форму и содержание аудиторского заключения.

Основными нормативными документами аудита событий после отчетной даты в Украине являются МСА 560 «Последующие события», МСБУ 10 «События после даты баланса», а также П(С)БУ 6 «Исправление ошибок и изменения в финансовых отчетах». Данные документы по-разному трактуют определение «события после отчетной даты». В этом контексте считаем необходимым проведение сущностного анализа исследуемого